

экономикасын айналып өтпейтіндігі белгілі. Оған 2022 ж. наурыз айында орын алған қант және өзге де халықтың тұтыныс өнімдерінің күрт қымбаттауын мысал ретінде атап өтуге болады.

Осы орайда, ЕАЭО жағдайында азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз мақсатында Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі саясатын, ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нақты шаралар кешенін әзірлеген жөн. ЕАЭО мүше елдерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыты АӨК саласында, бұдан да терең интеграциялық үдерістерге айналуы қажет. Ал ЕАЭО елдерінің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі халықаралық стратегиялық серіктестіктер болуы мүмкін, оларды қалыптастыру, Одақ елдерінің экономикалық саясатын іске асырудың негізгі міндетіне айналуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Роль науки, технологий и инноваций в обеспечении продовольственной безопасности к 2030 году. Комиссия по науке и технике в целях развития // Экономический и Социальный Совет ООН. - [Электронный ресурс] – Женева, 2017. – 26 с. - Қол жетімділік тәртібі: https://unctad.org/system/files/official-document/ecn162017d3_ru.pdf

2. Мониторинг продовольственной безопасности ЕАЭС: 2014 // Евразийская экономическая комиссия [Электронный ресурс] – Москва, 2015. – 35 с. – Қол жетімділік тәртібі: http://www.eurasiancommission.org/ru/act/prom_i_agroprom/dep_agroprom/monitoring/Documents/Мониторинг%20продовольственной%20безопасности%20Союза%202014.pdf

3. Концепция коллективной продовольственной безопасности государств-членов евразийского экономического союза // Проект ЕАЭС [Электронный ресурс] - Қол жетімділік тәртібі: https://docs.eaeunion.org/pd/ru-ru/0123907/pd_28062019_att.pdf

4. Добросоцкий В.И. Обеспечение продовольственной безопасности в странах Евразийского экономического союза: мировой и региональные аспекты: монография [Электронный ресурс] – Москва: Одинцовский филиал МГИМО, 2019. – 128 с. Қол жетімділік тәртібі: [https://mgimo.ru/upload/iblock/8bf/Монография_pravka%2019-12-19%20\(1\).pdf](https://mgimo.ru/upload/iblock/8bf/Монография_pravka%2019-12-19%20(1).pdf)

5. Даулетбаков Б., Сағымбеков Д.А. Вопросы продовольственной независимости Казахстана в евразийском экономическом Союзе // Сельскохозяйственные науки и агропромышленный комплекс на рубеже веков. – Алматы, 2015. – № 12. – С. 127-131.

6. Беделбаева А.Е., Шарипов А.К., Досумова Ж.С. ЕАЭО жағдайында Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету // Аграрлық нарық проблемалары [Электронды ресурс] – Алматы, 2021. – № 3. – С. 24-30. - Қол жетімділік тәртібі: <https://www.jprkazniiapk.kz/jour/article/view/596/452>

7. Полетаев Э. Нереализованный аграрный потенциал ЕАЭС [Электронный ресурс] . – 2019 - Қол жетімділік тәртібі: <https://ia-centr.ru/experts/eduard-poletaev/nerealizovannyu-agrarnyy-potentsial-eaes/>

COVID-19 ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ШЕШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдикаликов А.Ф., магистрант

(Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор **Кенжеғали Ж.М.**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің жалпы экономикалық саясатында маңызды орын алады және халықтың өмір сүру деңгейі сияқты маңызды көрсеткіштерге әсер етеді. Осылайша, халықтың тамақтану деңгейі тұтастай алғанда елдің

экономикалық даму деңгейін сипаттайды, өйткені өздеріңіз білетіндей, тамақ өндірісі тікелей өндірушілердің және жалпы өндірістің алғашқы шарты болған және болады, ал халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі әлеуметтік өмір деңгейінің, экономикалық құрылымның өміршеңдігінің және әр елдің мемлекеттік құрылымының критерийлерін анықтайтын маңызды фактор ретінде қарастырылады. Кез келген мемлекеттің азық – түлік қауіпсіздігі-оның ұлттық қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту маңызды әлеуметтік-экономикалық міндет болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекетаралық өзара іс-қимылдың ең өзекті бағыты болып табылады, өйткені ол ұлттық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық факторлардың кең спектрін қамтиды. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету біз үшін экологиялық және экономикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар дұрыс мемлекеттік басқару жүйесі және АӨК тиімді жұмысын, сондай-ақ тиімді халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету ретінде де өте маңызды.

Бүгінгі таңда әлемде 800 миллионға жуық адам азық-түлік тапшылығын бастан өткеруде..., оның ауқымы Африканың барлық дерлік субрегиондарында, сондай-ақ аз дәрежеде болса да, Латын Америкасы мен Батыс Азияда өсуде. Соңғы бес жыл ішінде Оңтүстік Азияда айтарлықтай прогреске қол жеткізілгенін атап өткен жөн, дегенмен, осы субаймақтағы тамақтанбаудың таралуы бүкіл Азиядағы ең жоғары деңгей болып қала береді. Тағы бір қорқынышты факт - әлемде шамамен екі миллиард адам азық-түлік қауіпсіздігінің болмауының орташа және ауыр деңгейлерінен зардап шегеді. Жеткілікті мөлшерде құнарлы тағамға тұрақты қол жетімділік болмағандықтан, олардың тамақтанбау және денсаулығының нашарлауы сияқты мәселелерге ұшырау қауіпі жоғары [1, 9 б.].

Британдық The Economist-Intelligence Unit журналының талдау бөлімшесінің деректері бойынша 2019 ж. Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі бойынша 113 елдің ішінде 48-орынды иеленді. 2018 ж. республика 57-ші орында болды. 2020 жылы коронавирустық пандемия бүкіл әлемдегі экономикалық жағдайды түбегейлі өзгертті және бұл әсер ауыл шаруашылығын айналып өтпеді [2].

Азық-түлік қауіпсіздігі пандемия кезеңінде мемлекеттің халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудағы маңызды тетіктерінің бірі болғаны сөзсіз. 2020 ж. коронавирус пандемиясы салдарын жеңу әлемдік экономика үшін басты міндет болып қойылды. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық үкіметтер қабылдаған карантиндік шаралар көптеген салалардың тоқтауына, экономиканың ауқымды құлдырауына алып келді. Мәселен, халықаралық валюта қорының сарапшылары «Әлемдік экономиканың даму перспективалары» баяндамасында жаһандық ЖІӨ 2020 ж. бірден 4,4% - ға қысқарады деп жазды. Ал Қазақстанда - 2,7% - ға төмендейді деп болжам жасалды. Бұл пандемия әсерін халықты азық-түлікпен қамтамасыз ететін агроөнеркәсіптік сектор да айналып өткен жоқ. БҰҰ Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының болжамдары бойынша, азық-түлік қауіпсіздігі проблемасына тап болатын адамдардың саны 2020 ж. пандемия жағдайында 265 миллионға дейін артады деп болжам жасаған болатын, 2019 ж. бұл көрсеткіш екі есе аз болды (135 млн.) [2].

COVID-19 пандемиясының азық-түлік қауіпсіздігі мен тамақтануға әсері туралы 2020 ж. жобаның аналитикалық жазбасында сарапшылар COVID-19 індетін бақылау немесе азайту шаралары қазірдің өзінде жаһандық азық-түлік сату тізбектеріне әсер етуде екенін көрсетеді. Атап айтқанда, әлемнің кейбір аудандарында трансшекаралық қозғалысты шектеу және оқшаулау режимін енгізу егін жинау процесінің баяулауына алып келеді, нәтижесінде миллиондаған маусымдық жұмысшылар күнкөріс қаражатынсыз қалады, сонымен қатар азық-түлік өнімдерін нарықтарға жеткізуге кедергілер бар. Көптеген жерлерде ет өңдеу зауыттары мен азық-түлік базарлары жұмысшыларының арасында COVID-19 өршуіне байланысты жабылуға мәжбүр. Фермерлер тез бұзылатын өнімдерді көмін, сату тізбегінің үзілуіне және тұтынушылық сұраныстың төмендеуіне байланысты өнімдерді қоқысқа тастайды. Нәтижесінде, қазір қала орталықтарында көптеген адамдар жаңа піскен жемістер мен көкөністерге, сүт өнімдеріне, ет пен балыққа қол жеткізе алмайды. Өңіраралық сауданы

жеделдету рецессиядан туындаған сұраныстың елеулі әсерін азайту арқылы аймақтық сұранысты арттыра алады. COVID-19 пандемиясымен күресу және оның салдарын жеңілдету жөніндегі шараларды қабылдау кезінде саудаға кедергі келтіруден немесе нақты тауарлардың импортына немесе экспортына тыйым салуды қоса алғанда, ұлттық және жаһандық азық-түлік-өткізу тізбектерін бұзудан аулақ болу керек.

Әрине, қазіргі жаһандық сауда жүйесі проблемалардан бос емес және кейбір елдер ережелер бойынша ойнамауы мүмкін. Бұдан басқа, экспорттық шектеулерді, сондай-ақ нарықтардың жұмыс істеуін бұзатын субсидиялар мен сауда кедергілерін регламенттеуге қатысты елеулі олқылықтар бар. Сауда ережелері 1995 ж. Дүниежүзілік сауда ұйымы құрылғаннан бері орын алған нарық конъюнктурасы мен саясаттағы өзгерістерді, әсіресе өтпелі экономикасы бар елдердің өсіп келе жатқан рөлін ескере отырып жанартылуы керек [3].

Ауылшаруашылық өнімдерінің саудасын реформалау күн тәртібіне мықтап енгенін қамтамасыз ету өте маңызды. Мұндай реформалар бірқатар ішкі стратегиялар мен инвестицияларды (қажет болған жағдайда, халықаралық қоғамдастықтың қолдауымен) қамтитын неғұрлым ауқымды кешенді стратегияның бір бөлігі болуға тиіс. Мұндағы мақсат мүмкіндігінше көбірек адамдардың әлемдік экономика ұсынған жаңа мүмкіндіктерді пайдалана алуы және көмекке ең мұқтаж жандарға қол жетімді болуы керек.

Лукичев П.М., Ондон К. сынды экономистер өндіріс пен тұтыну құрылымының өзгеруі аясында әлемде ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда көлемі алдағы онжылдықта өсе беретінің күтілуде деп санайды. Сауданың әлемнің барлық өңірлерінде азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі мен сипатына әсері де артады. Сондықтан ауыл шаруашылығы өнімдері саудасының кеңеюі аштықты жоюға, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігі мен дұрыс тамақтануды қамтамасыз етуге кедергі келтірмеуін қамтамасыз ету қажет. Сауда мен азық-түлік қауіпсіздігі арасындағы байланыс ұлттық және жаһандық деңгейде қызу талқыланып, көптеген сауда талқылаулары мен келіссөздерінің басты тақырыбына айналды. Талқылаудың негізгі мәні, бір жағынан, ұлттық деңгейде азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу үшін қабылданған шаралардың үйлесімділігі және екінші жағынан, олардың сауда серіктестерінің азық-түлік қауіпсіздігіне әсері болды [4, 175 б.].

Өз мақсаттарына жету үшін дамушы елдер әдетте сауда-саттықты бақылауды буферлік қорлармен бірге қолданады. Жалпы алғанда, сыртқы сауда - бұл ішкі нарықтың күйзелісі жағдайында ішкі бағаны тұрақтандырудың ең тиімді әдісі. Алайда, сауданың мүмкіндігінше тиімді болуы үшін уақытында импорттауды (үкімет немесе жеке сектор болсын) қамтамасыз ететін сенімді нарықтық ақпараттық жүйенің болуы маңызды. Егер импортты жеткізуде немесе төтенше гуманитарлық резервтерге қол жеткізуде айтарлықтай кідірістер болса, буферлік қорлар көмектесуші рөлін атқаруы мүмкін.

Бағаны тұрақтандыру үшін күріш өндіретін кейбір Азия елдері буферлік қорларға және халықаралық саудаға сүйенді. Бұл шаралар көбінесе алға қойылған мақсаттарға жетуге сәтті мүмкіндік берді және кейбір жағдайларда экономикалық өсуге де әсер еткен болуы мүмкін. Мысалы, Индонезияда 1969-1996 жж. аралығында күріштің ішкі бағасын тұрақтандыруда сәтті өтті. Осы кезеңде ішкі бағалар орташа әлемдік бағамен бірдей деңгейде болды, сонымен қатар олар әлдеқайда аз ауытқуларға ұшырап отырды. Тұрақтандыруға халықаралық сауда мен буферлік қорларды біріктіру арқылы қол жеткізілді, олар өнімнің артықтығына немесе тапшылығына байланысты толтырылып немесе жұмсалып отырды [5, 29 б.].

Болашақта халықаралық сауда нарықтарды тұрақтандыру және азық-түліктің артық мөлшері бар аймақтардан оның жетіспейтін аймақтарға қайта бөлу құралы бола алады және елдерге климаттың өзгеруіне бейімделуге және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуға көмектеседі. Алайда, біз ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы әділдік қағидаттарында дамып, кеңейе түсуі және бүкіл әлемде аштықты, азық-түлік қауіпсіздігінің жоқтығын және дұрыс тамақтанбауды жоюға ықпал етуі үшін барлық шараларды қабылдауға тиіспіз. Сондықтан, соңғы жылдары ауылшаруашылық саудасы мен азық-түлік қауіпсіздігі

арасындағы байланыс сауда саласында да, даму саласында да күн тәртібінде маңызды орын алууда. Атап айтқанда, дамушы елдерге олардың климаттың өзгеруіне бейімделуін жеңілдету, оның салдарын жұмсарту және олардың ауылшаруашылық және азық-түлік жүйелерін тұрақты қайта құру үшін әлемдік қоғамдастықтың қолдауы қажет болады. Соңғы жылдардағы көші-қон дағдарысы көрсеткендей, ешбір ел өзгерістермен әсер етпей қоймайды. Жер шарының бір бөлігінде болып жатқан жағдайлар оның басқа аймақтарына әсер ететіні сөзсіз, мемлекет үшін осындай жағдайды ішкі және сыртқы саясат құралдарын құру кезінде ескеру қажет [6, 15 б.].

Халықаралық сауда көптеген елдерде климаттың өзгеруіне бейімделу және азық-түлік қауіпсіздігі бойынша жұмыстарда ерекше маңызды рөл атқара алады. Қысқа мерзімді перспективада сауда азық-түлікті жеткіліксіз аймақтарға тасымалдау құралы бола алады, сондықтан ауа райының күрт өзгеруіне байланысты өндіріс көлемінің төмендеуін шешудің маңызды тетігі болуы мүмкін. Ұзақ мерзімді перспективада халықаралық сауда әртүрлі елдердегі ауылшаруашылық өндіріс тәсілдеріне тиімді түзетулер енгізе алады.

Сауда саясаты ауа-райының тұрақсыздығына байланысты өндіріс көлемі төмендеп жатқан елдер азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өнімді сатып ала алатын халықаралық нарықтардың жұмыс істеуін реттеуге мүмкіндік береді. Егер сауда саясатын климаттық проблемаларды ескере отырып, ішкі шаралармен және инвестициялармен үйлестіре қолданса, нарықтардың жаһандық интеграциясы бейімделудегі сауданың рөлін нығайта алады [6, 17 б.].

Кайгородцев А.А. «Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана (вопросы теории, методологии, практики)» атты монографиясында В.А. Морозовтың еңбегіне сүйене отырып, қазіргі жағдайда сыртқы сауда жаһандық азық-түлік проблемасын шешудің құралына айналатынын айтады: «біріншіден, азық-түлік импорты арқылы белгілі бір елдерде аштықтың өршуі әлсірейді; екіншіден, сыртқы сауда азық-түлік көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар минералды тыңайтқыштармен, машиналармен және жабдықтармен, жемшөптермен және жемшөп қоспаларымен экспорттық-импорттық операциялардың арнасы ретінде маңызды рөл атқарады; үшіншіден, сыртқы сауданың әлемдік азық-түлік проблемасының бөлігі ретіндегі сипаты оның дамушы елдерді ғана емес, дамыған елдерді де азық-түлікпен қамтамасыз етудегі маңыздылығымен анықталады; төртіншіден, қазіргі уақытта дамушы елдердің өздерінің ауыл шаруашылығы экспортының маңызы арта түсуде [7; 8, 163 б.].

Егер біз тәуекелдер туралы айтатын болсақ, онда мұндай сауда-саттық табиғи түрде азық-түлік қауіпсіздігі мен тамақтануға қауіп төндірмейді және оларды нығайту мен жақсарту үшін панацея емес, бірақ саяси шешімдер қабылдау кезінде ескерілуі қажет проблемалар мен тәуекелдерді тудыруы мүмкін процесс [4, 178 б.].

Ауыл шаруашылығындағы бәсекелестік мәселелері кедей халықтың сатып алу қабілетіне және ауыл шаруашылығы өндірісінің деңгейіне: бағалар мен олардың өзара әсеріне, енгізілетін ресурстардың болуына, өндіріс көлемі мен ауыл инфрақұрылымына инвестициялар әсер етеді. Өндірістің масштабы, мемлекеттік реттеу және маркетингтік арналарға қол жеткізудегі кедергілер де рөл атқарады. Азық-түлік қауіпсіздігінің маңызды факторы - бұл шағын отбасылық фермерлердің нарықта болу деңгейі. Алайда, өндірушілерге жоғары сапалы өнімді арзан бағамен жеткізу қажеттілігімен байланысты жүктеме артып келеді, көптеген ұсақ фермерлер мен өңдеушілер қажетті инвестицияларды тарту және ұйымдастырушылық өзгерістер енгізуде қиындықтарға тап болуы мүмкін [4, 178 б.].

Әлемдік ауылшаруашылық және азық-түлік нарықтары уақыт өткен сайын интеграциялануда. Бұл үдеріс көбінесе әлемдік, аймақтық және ұлттық деңгейлердегі тамақ жүйелеріне әсер ететін сауда және инвестициялық саясатқа негізделген, атап айтқанда азық-түлікке қол жетімділігі, бағасы, сапасы және тамақ өнімділігі сияқты аспектілері. Азық-түлік қауіпсіздігі үшін сауданың маңызы зор деп айта аламыз. Бұл азық-түліктің артық елдерден азық-түлік жетіспейтін елдерге өтуін жеңілдетеді және азық-түліктің қол жетімділігі мен әртүрлілігін қамтамасыз ете алады, сонымен бірге баға тұрақтылығына себеп болады. Дұрыс

сауда саясаты коректік заттарды қабылдау және адам денсаулығы үшін маңызды деп танылған диеталық әртүрлілікті арттыра алады [1, 117 б.].

Сауда және соған байланысты саясаттың мақсаттары азық-түлік қауіпсіздігінің әр түрлі өлшемдерін көрсетеді, әр елде әр түрлі және уақыт бойынша өзгеруі мүмкін. А.А. Кайгородцев өз еңбегінде Қазақстан әлемдік экономикалық жүйенің бір бөлігі болып табылатынын айтады. Сондықтан ол сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырады, мақсаттарға қол жеткізуге тырысады, ал мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- республиканың халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне тиімді кіруі;
- Қазақстан үшін әлемдік нарықтың неғұрлым барабар тауашаларын айқындау және бағындыру;
- ұлттық экономикалық агенттерге сыртқы сауда қызметін жетілдіруге жәрдем көрсету;
- елдің сауда теңгерімінің көрсеткіштеріндегі экспорт үлесін ұлғайту [8, 164 б.].

Қазақстан үшін оның негізгі экспорттық тауарларына сұраныстың тұрақты ауытқуы, әлемдегі азық-түлік проблемасының шиеленісуі жағдайында-ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілік деңгейінің артуы маңызды мәнге ие болады. Елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі оның экономикалық және саяси тұрақтылығы болып табылады. Қазақстанда табысы аз азаматтардың ең төменгі деңгейі мен әлеуметтік қорғалуына кепілдік беретін бірқатар заңнамалық актілер қабылданды. Алайда, республиканың үй шаруашылықтарының бюджеттерін зерттеу нәтижелері көрсеткендей, халықтың барлық шығындарының жартысынан көбі азық-түлікке жұмсалады.

Қорыта айтқанда, азық-түлік қауіпсіздігі мен тұрақтылық - бұл ұжымдық әрекетті қажет ететін ғаламдық басымдықтар. Біз халықаралық ынтымақтастықты әлсіретуге емес, нығайтуға тиіспіз. Бірлескен іс-қимыл арқылы біз кейбір жағымсыз әсерлерден аулақ болып қана қоймай, сонымен бірге табиғатқа көбірек үйлесетін және сау тамақтануға әкелетін тұрақты азық-түлік жүйелеріне ауысуға үлес қоса аламыз, сондықтан барлығымыздың денсаулығымызды жақсартуға үлкен мүмкіндіктер бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Положение дел в области продовольственной безопасности и питания в мире. Меры защиты от замедления роста экономики и экономических спадов. ФАО. [Электронный ресурс] – Рим, 2019. – 241с. – Қол жетімділік тәртібі: <http://www.fao.org>
2. Масанов Ю. Продбезопасность: насколько Казахстан обеспечен продуктами питания? [Электронный ресурс] – Қол жетімділік тәртібі: <https://kursiv.kz/news/otraslevyetyemy/2020-11/prodbezopasnost-naskolko-kazakhstan-obespechen-produktami-pitaniya>
3. Влияние пандемии COVID-19 на продовольственную безопасность и питание [Электронный ресурс] - Қол жетімділік тәртібі: https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/sg_brief_food_security_russian.pdf
4. Лукичев П.М., Ондон К. Торговля и продовольственная безопасность: достижение оптимального баланса между национальными приоритетами и общим благом // Известия Санкт-Петербургского государственного аграрного университета. - 2016. - №44. - С.175-180.
5. Положение дел в связи с отсутствием продовольственной безопасности в мире. Как волатильность мировых цен влияет на экономику стран и продовольственную безопасность? ФАО [Электронный ресурс] –Рим, 2011.– 64 с. - Қол жетімділік тәртібі: <http://www.fao.org>
6. Состояние рынков сельскохозяйственной продукции. Торговля сельскохозяйственной продукцией, изменение климата и продовольственная безопасность. ФАО. [Электронный ресурс] –Рим, 2018.– 114с. - Қол жетімділік тәртібі: <http://www.fao.org>
7. Мартынова В.А., Морозова В.А. Продовольственная проблема в современном мире. - М.: Наука, 1983. - 287 с.
8. Кайгородцев А.А. Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана (вопросы теории, методологии, практики). Научная монография – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. – 384 с.